

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 596 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12606 болып тіркелді

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 32-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінің нысаны бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп пен аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ б а н к і н і ң т ө р а ғ а с ы

----- Д. А қ ы ш е в

2015 жылғы 14 желтоқсан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

М и н и с т і р і н і ң

2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 596 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен шоттары бойынша, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары бойынша (корреспонденттіктерді қоспағанда) шығыс операцияларын тоқтату туралы ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкімі

20 ____ жылғы « ____ » _____ № _____
(ж а з б а кү н і)

(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің,
б а н к т і ң
немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы,
о р н а л а с қ а н о р н ы , Б С Н)
ұсынылды.

2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32 бабына және ____ жылғы « ____ » _____ № _____ камералдық бақылау нәтижелері бойынша (хабарламаны табыс ету күні) анықталған бұзушылықтарды жою туралы х а б а р л а м а ғ а с ә й к е с

(ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның атауы, БСН),

(мемлекеттік аудит объектісіннің атауы, БСН/ЖСН, орналасқан орны)

бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары бойынша, сондай-ақ банк шоттары бойынша (корреспонденттік ш о т т а р д ы қ о с п а ғ а н д а)

(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған мемлекеттік аудит объектісіннің кодтары мен шоттары, жеке сәйкестендіру коды)
2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32 бабы 2-тармағында көзделген операцияларды және ақшаны алып қою жағдайларын қоспағанда барлық

шығыс

операциялары

тоқтатыла

тұрсын,

(тоқтатыла тұрудың себебі)

М ө р

о р н ы

(Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Осы өкім _____ жылғы «__» _____ табыс етілді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК